- 18.Орыс тілінде білім беретін 8 сыныптар: 2 сынып;
- 19.Қазақ тілінде білім беретін 9 сыныптар: 1 сынып;
- 20.Орыс тілінде білім беретін 9 сыныптар: 1 сынып;

Барлығы – 14 сынып.

Вариативтік компоненті есебінен енгізілді:

Қазақ сыныптарында:

5-8 қазақ сыныптарында 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

9 қазақ сыныптарында 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

Орыс сыныптарында:

5-8 орыс сыныптарында 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

9 орыс сыныптарында 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

3. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (10-11 СЫНЫПТАР):

1.Титулдық параққа сәйкес сыныптар саны-4, оның ішінде қазақ тілінде оқытылатын сыныптар саны-2, орыс сыныптар саны-2.

1. Қазақ тілінде білім беретін 10 сыныптар: 1 сынып;
2. Орыс тілінде білім беретін 10 сыныптар: 1 сынып;
3. Қазақ тілінде білім беретін 11 сыныптар: 1 сынып;
4. Орыс тілінде білім беретін 11 сыныптар: 1 сынып;

Барлығы – 4 сынып

Вариативтік компоненті есебінен енгізілді:

Қазақ сыныптарында

Таңдау пәндері

Таңдау пәндер қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10-11 қазақ сыныптарда:

- Алгебра- 1 сағат
- Биология- 1 сағат
- Шетел тілі (ағылшын)- 1 сағат
- Қазақ әдебиеті- 1 сағат
- Жаһандық құзыреттілік- 1 сағат

Таңдау пәндер қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10- 11 орыс сыныптарда:

- Алгебра- 1 сағат
- Биология- 1 сағат
- Глобальные компетенции- 1 сағат

10-11 қазақ сыныптарында 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

10-11 қазақ сыныптарында Дене шынықтыру: спорттық ойындарға – 1 сағаттан берілген.

10-11 орыс сыныптарында 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

10-11 орыс сыныптарында Дене шынықтыру: спорттық ойындарға – 1 сағаттан берілген.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНІҢ НӘТИЖЕЛІГІ

Оқушылардың білім сапасын арттыру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың оқу іс-әрекетін педагогикалық сауатты ұйымдастыра білуіне байланысты. Оқыту теориясы қаншалықты дамытылғанымен, оқу бағдарламасы қаншалықты жетілдіргенімен, оқулық пен оқу құралдарының сапасы барынша жақсартылғанымен, мектеп керекті оқу құралдарымен керегінше жабдықталғанымен, оқу процесінде осының баршасына жан бітіріп, іске қосатын, оларды оқушылардың бақылау, байқау, зерттеу, оқу, үйрету тағы сол сияқты іс-әрекеттер объектісіне айналдыратын кілт- мұғалімде. Педагогикалық ұжымның алдыңғы қатарлы маңызды міндеттерінің бірі білім сапасын көтеру. Оқушылардың білім стандартын жетік меңгеруі білім берудегі ең жоғары деңгей. Оқушылардың білім стандартын меңгеруін, олардың оқытылу деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады: сыныптар бойынша оқытылу деңгей нәтижесі, әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде пәндердің тоқсандық, жылдық салыстырмалы анализдері, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері арқылы мұғалімдердің, сыныптары, оқу пәндерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай салыстырмалы талдауларды жүзеге асыру үшін келесілер қолданылады:

- ✓ мектептің статистикалық есептері мәліметтері
- ✓ әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепшілік бақылау жүйесі арқылы алынған ақпараттар
- ✓ қорытынды аттестаттау нәтижелері
- ✓ сынып журналдары мен дәптерлер тексерісі бойынша алынған мәліметтер


№43 мектеп-орталықта педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие үрдісіндегі кемшіліктерді анықтау мақсатында сыныптар мен пәндер бойынша аралық, қорытынды аттестаттау деңгейі анализі, білім беру және оқыту сатыларындағы білім сапасын талдау және бақылау мониторингі жүргізіледі

2022-2024 оқу жылдарындағы оқытудың нәтижелік мониторингі

Кесте №1

Оқу жылы	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Оқу екпінділері	Білім сапасы
2022-2023	557	107	248	63,7%
2023-2024	589	118	252	62,8%
2024-2025	611	83	225	50,4%
(1 м.)				

Салыстырмалы диаграмма




Келтірілген кестелер мен диаграммалардан білім сапасының тұрақсыздығы байқалады. 2023-2024 оқу жылында 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы бір деңгейде, бірақ Нұрлы және Жібек Жолы елді мекендерінен балалардың келуі есебінен 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылында білім сапасының 12.4% - ға төмендеуі байқалады.

Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасының сыныпаралық салыстырмалы көрсеткіштері

Кесте №2

Оқу жылы	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Оқу екпінділері	Білім сапасы
2022-2023	221	59	99	71,4%
2023-2024	240	77	102	74,5 %
2024-2025 (1 т.)	246	58	96	62,6%

Салыстырмалы диаграмма




1-4 сыныптар

Кесте №3

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы (1 т.)		Динамика
	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	
1-сынып	-	-	-	-	-	-	-
2- сынып	76,6%	100%	77,0%	100%	60,8%	100%	-16,2%
3-сынып	67,6%	100%	70,4%	100%	68,6%	100%	-1,8%
4-сынып	68,1%	100%	76,9%	100%	58,4%	100%	-18,5%
Жалпы	71,4%	100%	74,5%	100%	62,6 %	100%	-11,9%

Салыстырмалы диаграмма



Екі оқу жылының кестелер мен диаграммалардан білім сапасының пайыздық қатынасы төмендегені байқалады. Соңғы 1 тоқсанның 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда 2-сыныптарда минус 16,2 пайызға, 3-сыныптарда минус 1,8 пайызға, 4-сыныптарда минус 18,5 пайызға түскен.

Шешімдер :

- ✓ 1-4 сыныптарында білім сапасында тұрақтылық сақталмаған.
- ✓ 1-4 сыныптарда білім сапасы төмен көрсеткіш байқалады.


Ұсыныстар :

- ✓ оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып деңгейлік саралап оқыту
- ✓ пән мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыс істеу, сабақтарын қатысу және мұғалімдер жұмысына талдау жасау
- ✓ оқу жылы бойы мұғалімдермен сабақтастық сұрақтарын шешу
- ✓ оқудағы олқылықтарды жою мақсатында қосымша дайындықтар жүргізу

5-9 сыныптар бойынша білім сапасының сыныпаралық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылы	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Оқу екпінділері	Білім сапасы
2022-2023	298	38	129	56,0%
2023-2024	306	34	126	52,2%
2024-2025	302	21	99	39,7%

Салыстырмалы диаграмма




5-9 сыныптар оқушыларының ББД сапасы төмен болғанымен өсу динамикасы тұрақсыз. Саралап анализ жасау ББД сапасының төмендеу себептерін анықтайды.

Параллельдер бойынша білім сапасы:

Кесте №5

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы (1 т.)		Динамика
	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	
5-сынып	58,7%	100%	58,5%	100%	50,9 %	100%	-7,6%
6-сынып	68,2%	100%	57,4%	100%	42 %	100%	-26,2%
7-сынып	50%	100%	57,8%	100%	27,5 %	100%	-30,3%
8-сынып	52,5%	100%	38,3%	100%	40 %	100%	-14,2%
9-сынып	48,9%	100%	49,2%	100%	38,4 %	100%	-10,8%
Жалпы	56,0%	100%	52,2%	100%	39,7 %	100%	-16,3%

Салыстырмалы диаграмма



Кестелер мен диаграммалардан 5-9 сыныптарда өткен жылдарға қарағанда білім сапасының төмендегені байқалады. 5 сыныптарда 7,6%-ға, 6 сыныптарда 26,2 %-ға , 7 сыныптарда 30,3 %-ға, 8 сыныптарда 14,2 %-ға, 9 сыныптарда 10,8 %-ға, білім сапасы төмендегенін көруге болады.

Шешімдер :


1. 5 - 9 сыныптарында білім сапасында тұрақтылық сақталмаған.
2. 5-9 сыныптарда білім сапасы төмен көрсеткіш байқалады.

Ұсыныстар :

1. Пән мұғалімдері оқуға мотивациясы төмен оқушылармен жеке саралап жұмыс жүргізу.
2. Пән мұғалімдері оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып сабақты құру және өткізу.
3. Оқудағы олқылықтарды жою мақсатында қосымша дайындықтар жүргізу.

10-11 сыныптар бойынша білім сапасының сыныпаралық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылы	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Оқу екпінділері	Білім сапасы
2022-2023	38	10	20	78,9%
2023-2024	43	7	24	72,09%
2024-2025 (1 т.)	63	4	30	53,9 %




Келтірілген кестелер мен диаграммалардан білім сапасының түсу динамикасы байқалады.

10-11 сыныптар бойынша білім сапасының сыныпаралық салыстырмалы көрсеткіштері

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы (1 т.)		Динамика
	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	
10-сынып	76,4%	100%	62,9 %	100%	56,7 %	100%	-19,7%
11-сынып	80,9%	100%	87,5 %	100%	50 %	100%	-30,9%
Жалпы	78,9%	100%	72,09%	100%	53,9%	100%	-25 %

Салыстырмалы диаграмма



Кестелер мен диаграммалар жалпы 10-11 сыныптарда білім сапасы түскені байқалады.

Шешімдер:

1. 10-11 сыныптарында білім сапасы төмендеген.

Ұсыныстар:

1. Оқу ісі орынбасарлары сынып жетекшілермен бірге 9-сынып оқушыларымен жоғарғы буынға көшудегі кәсіптік бағдар беру жұмысын жүйелендіру.
2. 10-11 сыныптарда жаңартылған бағдарламамен сабақ беруге үйрету семинарларын жоспарлау.
3. Пән мұғалімдері оқуға мотивациясы төмен оқушылармен жеке саралап жұмыс жүргізу

2022-2024 оқу жылдардағы пәндердің сапалық мониторингі

№	Пәндер	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы (1 тоқсан)
1	Математика (5-6 сынып)	48,3%	57,4%	55,3%
2	Алгебра (7-11 сынып)	54,5%	53%	57,6%
3	Геометрия (7-11 сынып)	57,3%	56,4%	57,2%
2	Физика (7-11 сынып)	52,3%	49,3%	57,1%
3	Информатика (5-11 сынып)	49,2%	51,2%	
4	Қазақстан тарихы (5-11 сынып)	71,2%	74,2%	75,3%
5	Дүние жүзі тарихы (5-11 сынып)	79,5 %	80,5%	
6	Биология (7-11 сынып)	71,5 %	89,5%	81,4%
7	Жаратылыстану (5-6 сынып)	77,63%	76,63%	74,5%
8	Химия (7-11 сынып)	75,4%	76,6%	75,4%
9	География (7-11 сынып)	71,4%	74,4%	74,7%
10	Қазақ тілі (5-11 сынып)	71,9%	75,4%	73,4%
11	Қазақ әдебиеті (5-11 сынып)	71,4%	74,4%	74,6%
12	Қазақ тілі мен әдебиет (5-11 сынып)	71,4%	73,6%	75,4%
13	Орыс тілі (5-11 сынып)	64,9%	69,9%	66, 7%
14	Орыс әдебиеті (5-11 сынып)	64,9%	69,9%	66,7%
15	Орыс тілі мен әдебиет (5-11 сынып)	79,4%	81,4%	78,7%
16	Ағылшын тілі (5-11 сынып)	74,2%	75,2%	76,5%

Жалпы шешімдер:

1.Жалпы мектеп бойынша біліп сапасының 13,3 % төмендеуі байқалады.

2. Ең жоғарғы білім сапасы 1-4 сыныптарда – 62,6%
3. 5-9 және 10-11 сынып параллельдерінде білім сапасы тұрақты.
4. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жеткілікті деңгейде жүргізілмейді.

Себептері :

1. 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылындарында оқушы санының күрт өсуінің білім сапасына кері әсері.
2. 7 сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясының төмендеуі.

Ұсыныстар:

1. Пәндер бойынша олқылықтардың жою мақсатында жұмыс жоспарын құру.
2. 5-9 сынып параллельдеріндегі пән мұғалімдері оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жеке сабақтарды құру және өткізу.
3. Тоқсан соңында бір "4" пен "3" шыққан оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу.
4. Төмен сапа көрсеткен сыныптарда жалпылама сыныптық бақылау өткізу.
5. Мектептің психологиялық қызметі білім сапасы төмен және жаңадан келген оқушылармен оқу- тәрбие процесін түзетуде белсенділік таныту.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың орындалуы:

1. Білім алушылардың сыныптар бойынша апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

Кесте №9

Сынып	Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі (сағат саны)					
	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	қазақ	орыс	қазақ	орыс	қазақ	орыс
1 сынып	19,5	20,5	19,5	20,5	19,5	20,5
2 сынып	24	24	24	24	24	24
3 сынып	26	26	26	26	26	26
4 сынып	26	27	26	27	26	27
5 сынып	28,5	29,5	28,5	29,5	28,5	29,5
6 сынып	28,5	29,5	28,5	29,5	28,5	29,5
7 сынып	31,5	32,5	31,5	32,5	31,5	32,5
8 сынып	32,5	33,5	32,5	33,5	32,5	33,5
9 сынып	34	35	34	35	34	35

10 сынып	32	33	32	33	32	33
11 сынып	32	33	32	33	32	33

Сыныптар МЖМБС талаптарына сәйкес сыныпта 24 оқушы немесе одан көп болған жағдайда келесі пәндер бойынша топқа бөлінеді:

- Орыс тілінде оқытылатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиет;
- Шетел тілі;
- Цифлық сауаттылық (1-4 сынып)
- Информатика (5-11 сынып);
- Көркем еңбек (5-9 сынып)

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың орындалуы:

1. 9-сынып оқушыларының мемлекеттік аттестаттау қорытындысы
Мемлекеттік емтихандар нәтижесі бойынша салыстырмалы кестелер мен
диаграммалар (негізгі пәндер бойынша)

Кесте №10

Пәндер атауы	Білім сапасы	
	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Қазақ тілі (жазбаша)	86,6 %	79,1%
Қазақ тілі мен әдебиеті (жазбаша)	64,7 %	71,4%
Орыс тілі (жазбаша)	67,6%	66,6%
Орыс тілі мен әдебиеті (жазбаша)	73,3 %	79,1%
Алгебра (жазбаша)	65,3 %	73,3 %

Мемлекеттік емтихандар нәтижесі бойынша салыстырмалы кестелер мен
диаграммалар (таңдау пәндері бойынша)

Кесте №11

Пәндер атауы	Білім сапасы	
	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
География	76,4%	95,4 %

Биология	66,6%	100 %
Ағылшын тілі	80 %	100%
Қазақстан тарихы	88,8%	85,7%
Информатика	83,3	100%
Қазақ әдебиеті	100 %	-

11-сынып оқушыларының мемлекеттік аттестаттау қорытындысы
Мемлекеттік емтихандар пәндерінің білім сапасы көрсеткіштері
Кесте №12

Пәндер атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Қазақ тілі (жазбаша)	84,6%	81,1%
Орыс тілі (жазбаша)	95,9%	92,4%
Қазақ тілі мен әдебиеті (жазбаша)	83,6%	87,5%
Орыс тілі мен әдебиеті (жазбаша)	96,7%	100%
Алгебра және анализ бастамалары	69,2%	69,3%
Қазақстан тарихы	80%	69,3%
Физика	74,1%	70,5%
Химия	100%	100%
География	81,4%	91,6%
Геометрия	100%	14,2%
Ағылшын тілі	100%	100%
Дүниежүзі тарихы	50%	83,3%
Құқық негіздері	100%	86,3%
Информатика	-	87,5%

ҰБТ-нің салыстырмалы талдауы

Кесте №13

№	Көрсеткіштер	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Оқушы саны	21	16
2	Мектеп бойынша орташа балл	63,3	61,4
3	100-ден жоғары балл алған оқушылар	5	6

«Алтын белгі», Үздік аттестатқа үміткерлердің 2 жылғы нәтижесі

Кесте №14

Оқу жылдары	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
	Үміткер	Үміткер
Алтын белгі	-	-
Үздік аттестат (11 сынып)	5	5
Үздік аттестат (9 сынып)	-	2

ТҮСІНІК ХАТ

2022-2024 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

Аталған жобаның мақсаты:

- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту;

-білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;

- экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Білім алушылардың дамуы үшін жобаны жүзеге асыруға барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Өзінің өнегелі үлгісі негізінде баланы тәрбиелеу – мақсатқа жеткізетін бірден-бір дұрыс тәрбие көзі болып табылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жаңа ұрпақтың білім беру жүйесін жаңғырту, рухани, төзімділік, азаматтық және патриотизмге тәрбиелеу арқылы әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру»

Мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Әлеуметтік белсенді және шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу:
 - оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, жасөспірімдерге оқу орнын басқаруға қатысуға мүмкіндік беру.
 - оқушыларды қосымша білім беру жүйесіне, мектептегі әр түрлі бағыттағы шығармашылық, патриоттық және қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тарту, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бастамаларын тарту және қолдау;
 - оқушылардың әлеуметтік, шығармашылық және білім беру жобаларын қолдау, халықаралық, республикалық, қалалық байқауларға қатысу
2. Оқушыларды демократия, жеке қадір -қасиет, адам құқығын құрметтеу, азаматтық, патриотизм рухында тәрбиелеу.
3. Оқушылардың өз өміріне, денсаулығына, сондай -ақ айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету.
4. Ассоциациялық көріністердің, құқық бұзушылықтардың, девиантты мінез -құлықтың, балалардың жол -көлік жарақаттарының алдын алу, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
5. Оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, тілектерге, қабілеттерге сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтау қажеттілігін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ұйымында тиімді кәсіби бағдар беру жүйесін дамыту
6. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
7. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Тәрбие процесін ұйымдастыруға жағдай жасау үшін:

1. Базалық және қосымша білім беруді біріктіру арқылы мектептің біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру, оқушылардың өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі тануға және өз ойын білдіруге мүмкіндік беретін білім беру ортасын құру (мектеп залдарында көрме стендтері, қол жетімді Интернет, шебер адамдар мен шығармашылық адамдармен кездесулер, мектептің медиа қызметін дамыту, балалардың жобаларын қолдау).

2. Сынып жетекшілерімен ұйымдастырушылық, әдістемелік, аналитикалық жұмыстың тиімділігін арттыру (оқу іс-әрекетінің тиімді тәжірибесін жалпылау және ұсыну, мұғалімдерді ақпараттық қолдау, оқу қызметін бағалаудың критерийлік әдісі, мектепшілік бақылаудың сапасын арттыру, ынталандыру. сынып жетекшілерінің қызметі, шығармашылық өзін-өзі көрсетуге қолдау көрсету, кәсіби әлеуетті мұғалімдерді ашу, олардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру).

3. Оқушылардың отбасыларының оқу -тәрбие процесіне қатысуы үшін жағдай жасау, ата -аналар қоғамдастығының белсенділігін арттыру.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
- 12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

1. Мектептегі тәрбие жұмысын іске асыру

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына, 2020 жылғы 6 сәуірдегі 130

бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және 2022-2023 оқу жылдарында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Тәрбие жүйесінің құрылымы:

- Әлеуметтік –педагогикалық қызмет;
- Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі;
- «Адал ұрпақ» еріктілер клубы;
- Психологиялық –педагогикалық қызмет;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- Салауатты өмір салты;
- Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары;
- Қамқоршылық кеңесі;
- «Өзін-өзі басқару» ұйымы.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізілді :

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі және СӨС.

Барлық 8 бағыт бойынша жыл басында мектеп 2022-2023 оқу жылы ұстанған жұмыс жоспары жасалды және бекітілді.

Тәрбие жұмысын талдаудың мақсаты: 2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысының нәтижелері мен тиімділігін анықтау, олардың сынып жетекшілерінің қызметімен, отбасы мен сыртқы ортаның әсерімен, мұғалімдердің тәрбие жұмысында инновациялық әдістерді қолдану деңгейімен қалай байланысты екенін анықтау.

Талдау міндеттері:

- тәрбие процесінің нақты жағдайын анықтау;
- оның даму мүмкіндіктерін анықтау;
- болған өзгерістерді талдау;
- әр түрлі жағдайлар мен құралдардың тиімділігі мен педагогикалық орындылығын, олардың жұмыс нәтижелеріне әсерін зерттеу;
- тәрбие жұмысының оқушы мен педагог тұлғасының дамуына, ұжымдағы қарым-қатынасқа әсер ету тиімділігін анықтау.

Мектептің тәрбие жұмысы келесідей жүргізілді:

1. Оқу процесіндегі тәрбие.
 2. Сабақтан тыс қызмет:
- сыныптан тыс жұмыстар

- мектептен тыс жұмыс
- ата-аналармен жұмыс.

2022 – 2023 оқу жылына арналған жылдық тәрбие жоспары құрылып, жүйелі жұмыстар атқарылды.

Бүгінгі таңдағы мектептің мақсат-міндеті әр оқушының жеке тұлғалық қабілетін дамытушы тәрбиешіге байланысты. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттерді шешуге бүкіл жұмыс жүйесі бағытталды. Жыл басында мектебіміздің психологтары әр сыныпта оқушыларды зерттеу диагностикасын жүргізіп, төмен параметрлер бойынша проблемаларды анықтап, жыл көлемінде атқарылатын шаралар жоспарланды. Білім тәртіптен басталатындықтан, оқушылардың бірыңғай талапты, мектеп формасын, мектептің ішкі ережесін орындаулары бақыланды. Оқу жылының басынан бастап Тәрбие жұмысы әртүрлі мазмұнды, түрлі формада ұйымдастырылып, оқушы бойына ұлттық салтымызды дарыта отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асты. Әрбір жеке тұлғаға кешенді тәрбие беру үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологімен бірлесе отырып, әрбір сынып жетекші өз сыныбындағы оқушылардың педагогикалық – психологиялық даму жұмысы жасалды.

2022-2023 оқу жылы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы өтті.

Жалпы оқушы саны 0-11	660
Жалпы оқушы саны 1-11	651
Бастауыш сыныптар 1-4	312
Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны	52
Аз қамтылған жанұядағы бала саны	11
Жетім балалар саны	0
Мүгедек балалар саны	13
Оралман балалар саны	0
Тегін тамақ ішетін балалар саны 0-4	312
Тегін тамақ ішетіндер саны- 5-11	16
Мектепте тегін тамақтанатын оқушылар саны	26

1) Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көп балалы отбасының саны 43-ке жетті.

2) Тамыз айынан қыркүйек көп балалы отбасынан шыққан балалар аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді.

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2011 жылғы 11 шілдедегі №12-2-02/2422 хатына сәйкес және Астана қаласының Білім басқармасының 2011 жылғы 11 шілдедегі №12-2-02/2422 бұйрығы негізінде мектебімізде жалпыға міндетті оқумен қамтудың кезекті қалалық айлығы мен «Мектепке жол» акциясы 2022 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында болып өтті. Осыған орай мектепте жалпыға міндетті оқумен қамтудың кезекті қалалық айлығы мен «Мектепке жол» акциясына бұйрық шығарылып, сол бұйрық негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Аталмыш оқу жылында мектепте көп балалы және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 43 оқушы білім алды.

Олардың ата-анасынан айырылған, қамқорлықтағы балалар – жоқ, аз қамтылған балалар-11, мүгедек балалар саны- 9 .

Мектепте 32 сыныпқа сынып жетекшілері тағайындалған. Сынып жетекшілер жыл басында бекітілген тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізеді. Жыл басында сынып жетекшілеріне лауазымдық нұсқаулық таныстырылады. Сынып жетекшілерінің күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық жұмыс циклограммасымен жұмыс жүргізеді.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі бар, жұмыс жоспары жасалған, мақсат, міндеттері көрсетілген. Алдағы 3 жылға арналған перспективалық жоспар жасалған. Алайда бірлестіктің және жалпы тәрбие саласының проблемалық немесе ізденіс тақырыбын нақтылап, тақырып аясында жұмыстарды дамыту қажет. Мектепке барар жол акциясы белсенді ұйымдастырылып, аз қамтылған отбасы балаларына оқу құралдары мен сөмкесі таратылды. Отбасы қамқорлығынсыз қалған балаларға да ата-аналар комитеті тарапынан сыйлықтар жасалды.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бойынша жұмыс негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Тәрбие жұмысы мектептің әдістемелік тақырыбы, тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі мәжілістерінің тақырыбы ұсынылған, тәрбие үдерісінің бақылауы жоспарланған, ата-аналармен жұмыс, тәрбие жұмысы бойынша бағдарламаны жүзеге асыру ұсынылған, бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Жоспарларды жүзеге асыру белгіленген мерзімде іске асырылды.

Сынып жетекшілерінің, үйірмелер мен секциялар жетекшілерінің, қоғамды, психологтардың, әлеуметтік педагогтың, аға вожатый жұмысы тәрбие үдерісін реттеп отыратын нормативті құжаттарға сәйкес жүргізілді.

Тәрбие жұмысының аталмыш бағыттары дәстүрлі мектептік шаралар арқылы, «Жас ұлан» балалар бірлестігінің, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы арқылы, сынып жетекшілер жұмысы, пәндер бойынша сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстар арқылы, қосымша білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда мектеп өскелең ұрпақта әлеуметтік маңызды құндылықтардың қалыптасуына көмектесетін, өз еліне деген, оның тарихы мен дәстүріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесетін азаматтық-патриоттық тәрбиеге маңызды рөл бөледі.

Мектепте азаматтық тәрбиенің мынадай негізгі бағыттары қалыптасқан:

- қосымша білім беру нысандарын дамыту;
- мектептегі өзін-өзі басқаруды дамыту;

- азаматтық және патриоттық бағыттағы түрлі ұжымдық-шығармашылық істерді ұйымдастыру;
- Әр түрлі ұйымдармен бірлескен мектеп.

Оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, оларды бірлескен шығармашылық іс-әрекетке оңтайлы қосу әртүрлі қызығушылық клубтарының қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтық тәрбие бойынша өз қызметінде педагогикалық ұжым тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамытуға және тәрбиелеуге баса назар аударылды.

Дәстүр бойынша мектепте барлық атаулы мерекелер атап өтілді. Барлық оқушылардың мәдени және тәрбиелік мүдделері ескерілетін дайындық кезінде адамды көпұлтты мәдениеттердің құндылықтарына бейімдеу, әртүрлі дәстүрлері бар адамдардың өзара әрекеттесуіне үйрету және әртүрлі халықтар мен ұлттардың мәдениеттерінің тепе-теңдігі туралы түсінік қалыптасты. Апта сайын дүйсенбі күні сағат 8-00-де сынып сағаттары өтеді.

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін біздің мектепте тәрбиелік іс-шаралардың мынадай түрлері пайдаланылды: сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, сабақ-ойын, сабақ-әңгіме, сабақ-конференция, сабақ-викторина, сабақ-кездесу, сабақ-саяхат, диспут, қарым-қатынас сағаттары, ойлау сағаттары, ғылыми жобаларды қорғау, фестивальдар, шығармашылық конкурстар және басқалар.

Мектепте қойылған міндеттер мен басым құндылықтарды ескере отырып, сабақтан тыс уақытта оқушылармен жұмыс істеудің бағыттары мен формалары анықталды, олар педагогикалық мақсаттылық пен саралау қағидаттарына негізделген мектеп жағдайларына сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылы аталмыш бағыт аясында бірқатар шаралар өткізілді. Мемлекеттік мерекелер қарсаңында өткізілген шаралар Әнұранның орындалуымен басталады. Мектепте 1 қыркүйек – дәстүрлі Білім күні, оның мақсаты өскелең ұрпаққа білім алуды қалыптастыру мен жаңа оқу жылының басында мерекелік жағдай жасау.

Білім күні

Мектебіміздің жаңа оқу жылының басталуын білдіретін ерекше күн ол -Білім күні. Қыркүйек «Білім күні» жоспар бойынша жүйелі түрде өткізіліп мерекелік безендіруге 1-сынып жетекшілері жауапты етіп қойылып, бұл ұстаздар өздеріне берілген жұмысты жауапкершілікпен орындай білді. Мектебіміз де осы күні барша қонақтарға, оқушылар мен ата – аналар, ұстаздарға есігін айқара ашты. Мектепте Білім күніне арналған «Қош келдің, мектебім!» тақырыбында салтанатты сап түзеу өтті. Салтанатты саптүзеуде мектеп директоры Мулдашева Ш.К. ұстаздарға, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге, мектеп оқушыларына жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Сап түзеуде бірінші сынып оқушылары өлең оқып, би биледі. Мектеп түлектері мектеп табалдырығын жаңа аттаған бірінші сынып оқушыларына өз тілектерін өлең шумақтары арқылы жеткізді. Басқа да еліміздің мектептеріндегідей сынып сағаттары ұйымдастырылды. Әр сынып жетекші бірінші сабақтарына жақсы дайындалып, оқушыларына «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбына арналған сынып сағаттар өткізілді. Осы тақырыпта мектебіміздің кітапханасында көрме жасалып, мұғалімдер мен оқушыларды кітапханашы Ахметжанова А.Ғ көрмемен таныстырды.

<https://www.instagram.com/reel/CmMXAuOo0fB/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/reel/CmMXAuOo0fB/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

9 желтоқсан күні 2022 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Астана қаласы әкімдігі жанындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Өңірлік комиссия мүшелерінің Астана қаласы жалпы білім беру мектептерінде «Алаш» тақырыбына арналған апталық аясында 8-11 сынып арасында Астана қаласының «Мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі ғылыми -зерттеу бөлімінің басшысы Исахан Ғазиза Тұрмағанбетқызы және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымтанушысы, профессоры Илиясова Кулпаш Мырзамұратқызы дәріс оқыды.

Дәрістің мақсаты: Алаш партиясы және Алашорда үкіметінің саяси тарих процесіндегі рөлі мен қазақ зиялыларының қызметін деректік материалдар негізінде тарихи зерттеулер тұрғысынан көрсету. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіндегі қазақ зиялыларының атқарған еңбектеріне деректік мазмұн беру және тарихи құжаттар мен жиналған мәліметтер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Дәріс соңы қызу пікірталас пен құнды мағлұматтар легіне ұласты.

II оқу – тоқсанында ҚР - ның Тәуелсіздігі күніне орай да мектеп көлемінде алдын - ала жоспар құрылып, сынып сағаттарының, сайыс, көрмелердің тақырыптары беріліп, олардың орындалуы қадағаланды.

<https://www.instagram.com/reel/CmMXAuOo0fB/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Бұл мереке мемлекетіміздің еркіндігі мен қуаттылығының символы болып саналады. Тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз Қазақстанның ұлы тарихын жаңа жетістіктермен, табысты қайта құрулармен тамаша жалғастырды.

Іс-шаралардың мақсаты: Отан тарихына деген қызығушылықты дамыту, патриоттық және азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, мектеп оқушыларының рухани жан дүниесін және ел алдындағы жауапкершілігін тәрбиелеуге ықпал ету.

ҚР Тәуелсіздік күніне арналған онкүндік аясында өткізілген іс-шаралар:

«Тәуелсіз елім – Қазақстан» атты бірыңғай патриоттық тәрбие сағаты

<https://www.instagram.com/reel/CltJGyKA7ve/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/p/Cl-zSDOMaOX/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Отан -отбасынан басталады» патриоттық отбасылық челлендж

<https://www.instagram.com/reel/Cl3a1o7ggVJ/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/reel/Cl6ewTWIBF7/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Тәуелсіздік – тұғырым» бастауыш сыныптар арасында бейнероликтер презентациясы

<https://www.instagram.com/reel/ClxsV0Eo3Xr/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/reel/CltkMcIofJd/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Менің Қазақстаным» отан, туған жер, патриоттық тақырыптағы әндерден музыкалық флешмоб

<https://www.instagram.com/reel/Cl6Wdjvoatq/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Тәуелсіздік нышандары» макеттер сайысы өтті. Ең үздік жұмыстар дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/CmHnBWQA7Bo/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/p/Cl3ZjApMhmZ/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

Информатика мұғалімдері 4-8 сынып арасында «Тәуелсіздіктің электронды қылқаламы» атты байқауын өткізді. Ең жоғары деңгейдегі жұмыстар дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

«Электронная кисточка Независимости» компьютерлік графика сайысы

<https://www.instagram.com/reel/CltkMcIofJd/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Туған елге деген сүйіспеншілік» тақырыпқа эссе байқауы

<https://www.instagram.com/p/Cl3QT6VsnZt/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Тәуелсіздік беттері», «Менің сүйікті Астанам: табиғаты, мәдениеті, этнос өкілдері» кітап трейлер акциясы

<https://www.instagram.com/reel/Cl6l-T2I20o/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/reel/CmEnGyLIRmq/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

14.12 ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Терең тарихтан – жарқын болашаққа» интеллектуалды турнирі өтті. Ойын 5-6 сыныптар арасында өтті. Ойынның мақсаты: білім алушылардың патриоттық сезімдері мен зияткерлік белсенділігін қалыптастыру үшін жағдай жасау; проблемалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; ҚР түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы туралы түсініктерін бекіту

<https://www.instagram.com/reel/CmN5Dz1I7r /?igshid=NTdlMDg3MTY=>

"Қазақстанды суреттеймін» атты сурет салу байқауы өтті. Елдің бүгіні мен болашағы туралы суреттер қарастырылды. Ең жақсы суреттер диплом мен сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/CmQ-dJ1I1gw/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

«Менің әлемім — бұл» деген сөзден басталатын челленджі өтті.

<https://www.instagram.com/p/CmOZF5MsTvG/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

<https://www.instagram.com/p/CmJ8qzpIhlp/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

12.12. «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында ұлттық ойын, соның ішінде асық атудан жарыс өтті. Ұйымдастырылған спорттық шараның басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесін атап өту.

<https://www.instagram.com/reel/CmJ5e1QoxSW/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

14 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында №43 ЖББОМ-де «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты шарада 1-сынып оқушылары мен 5-сынып оқушылары «Жас қыран» қатарына қабылданды. Олардың барлығы мектеп президенті бастаған патриоттыққа, еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, туған жерді сүйуге ант берді. Жас жасұландықтар балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қосылу арқылы өздеріне үлкен жауапкершілік жүктейтінін жақсы түсінеді. Сондықтан олардың әрқайсысы мектептің қоғамдық өміріне белсене араласып, мүлтіксіз оқуға ниетті.

Мектеп әкімшілігі мен ұстаздар қауымы жасұландықтарды салтанатты да маңызды оқиғамен шын жүректен құттықтап, мектептің қоғамдық өмірінде табыс тіледі.

<https://www.instagram.com/reel/CmLr99IgzTy/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

15 – желтоқсан күні мектеп кітапханасында «Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы» атты тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара өтті. Оқушылармен кездесуге арнайы шақырылған 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын көзімен көріп, еліміздің егемендігі үшін қыршын қиылған жастармен бірге бір алаңда болып, қатысқан, желтоқсан оқиғасының куәгері Иманбекова Сағадат Бердібекқызы келді. Сағадат апайымыз оқиғаны әсерлі баяндап, оқушылар ұйып тыңдай білді. Кездесуге 4Ә, 6Ә, 7Ә, 8Ә, 9Ә оқушылары белсене қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Мақсаты: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес

қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйеге және ерлікке баулу. Кездесуді ұйымдастыруға ат салысқан Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі #10 бөлімінің меңгерушісі Омаш Әсел Қайыркенқызына, сынып жетекшілер Рүстемова Бибіжан Мырзашқызына, Әлкен Темірхан Галымұлына, Сауғанбаева Балжан Ислямбекқызына, тәлімгер Нұх Жансерікке, Ұйымдастырушы Жәнібек Талғатұлына алғысымды білдіремін. Кітапханашы- Ахметжанова А.Г

<https://www.instagram.com/p/CmOb4MqsqhJ/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

15 желтоқсан күні «Тәуелсіздік -елімнің ерлік жолы!» атты концерттік бағдарламасы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CmMXAuOo0fB/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

Азаматтық-патриоттық сезімді қалыптастыруда БӘТД ұйымдастырушы Раимбеков Б.Т ұйымдастырған «Уақыт сендерді таңдады» атты ерлік сабағын атап өту керек. Ауған соғысы ардагерлерінің 7-10-сыныптар оқушыларымен кездесуі жоғары деңгейде өтті. Сабақ барысында ауған соғысы тарихы туралы бейнероликтер қолданылды, сондай-ақ, біздің кездегі батырлар ерліктері туралы материалдар да пайдаланылды.

19- 22 сәуір күндері Астана қаласының ТЖДмен бірге Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша оқу-жаттығуы өтті.

АӘТД ұйымдастырушысы және дене шынықтыру мұғалімдері 5-7 сынып арасында квест, ал 8-10 сынып арасында әскери-спорттық жарыстар өткізді. Жеңімпаздар дипломмен марапатталды.

Жоғары сыныптар қонақтардың өздерінің әскери жолдары туралы айтқан әңгімелерін, наградалары мен «Ауған» ардагерлері Одағының қалыптасқан дәстүрі туралы қызығушылықпен тыңдады.

Отанға деген сүйіспеншілікке негізделген азаматтық патриотизмді тәрбиелеу, өз елінің тағдырына ортақ сезімді нығайтуды, өз халқының тарихын құрметтеуді, өз еліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған шаралар өткізілді. 2022 жылғы 25 қарашадан 18 желтоқсанға дейін «Менің туым» акциясы өткізілді. Қалалық жобаны жүзеге асыруға 1-8-сыныптар оқушылары қатысты. Балалар ата-аналарымен бірге түрлі техникаларда тулар дайындап, мереке күндері мектеп терезелеріне орнатып қойды. Онкүндік бойы мектеп кітапханасында «Тәуелсіздік хабарлары -Хроника независимости» атты кітап көрмесі әрекет етті, оны мектеп кітапханашысы ұйымдастырды. 6-7-сыныптар оқушылары үшін «Менің жерім-менің Қазақстаным» атты кітапханалық сабақ өткізілді. 2022 жылғы 11 желтоқсаннан 12 желтоқсан аралығында 1-4-сыныптар оқушылар үшін «Еліміздің есімі – Қазақстан! Казахстан — это имя страны!» атты шаралар калейдоскопы өткізілді, оны 4 «А, Ә» сыныптарының сынып жетекшілері Марару Л.В, Неткалиева А.Д өткізді. «Мен! Менің үйім! Менің Қазақстаным! Я! Мой дом! Мой Казахстан!» шаралары 5-7 сыныптар оқушылары үшін өткізілді, 9 «А,Ә» сыныптар жетекшілері Тагаева М.К, Әлкен Т. дайындады, «Гүлдене бер, Қазақстан!» атты шараны 8-10 сыныптар оқушылары үшін 10 «А, 10 Ә» сыныптар жетекшілері Бельских В.И, Халмурзаева Ж.А. дайындады.

Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру бойынша МастерЭкоАрт жобасы аясында "Қазақстанды суреттеймін» атты акциясы,

«Электрондық қылқалам-2022» Компьютерлік графика сайысы, "Тәуелсіздік шыршасы-2022" кез-келген материалдан жасалған бұйымдар байқауы, "Қазақстан Терезелері". Фоточеллендж акциясы. Қатысушылар: 64,38,43 мектептің 121 оқушылары қатысты.

2023 жылы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 78 жылдығы атап өтілді. Осыған байланысты жауапты сынып жетекшілері бірыңғай ерлік сабағы «Қазақстанның ҰОС батырлары туралы: Т.Бегелдинов, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Б.Момыш-ұлы, Т.Тоқтаров және т.б» туралы сынып сағаттарын өткізді. 1а сынып оқушылары (сынып жетекшісі Е.Ю. Жохова), 2ә сынып оқушылары (сынып жетекшісі Г.С Рахимбаева), 2а сынып оқушылары (сынып жетекшісі О.В Жунусова), 3а сынып оқушылары (сынып жетекшісі О.В Жунусова) «Балалар соғыс туралы тақпақтар оқиды» атты челленджге қатысты, ал 4ә сынып оқушылары «Біз ашық аспан астында өмір сүргіміз келеді» деп аталған челленджге қатысты (А.Д Неткалиева). 8ә сынып оқушылары Ұлы Жеңістің 78 жылдыған арналған патриоттық челленджге қатысты (сынып жетекшісі М.К Жилкибаева). 10 сыныптар арасында "Мен бақытты баламын" , «Ерлік - елге мұра, Ұрпаққа - ұран», «Жеңіс суреттері» атты суреттер, плакаттар байқауы, «Ардагерге сыйлық» атты шағын жобалар, қолөнер акциясы өтті. Үздік жұмыстар дипломдармен марапатталды. 1-4 сынып арасында сапта жүру мен ән айту сайысы, ал 7-9 сынып арасында әскери-спорттық жарысы өткізілді. Жеңімпаздар диплом және сыйлықтармен марапатталды.

1-10 сыныптар арасында «**Ардагерді құттықта!**» құттықтау акциясы өтті. 97 оқушы, 25 мұғалім, 21 ата-ана

Шаралар мақсаты: патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, Қазақстан халқының тарихи өткені мен қазіргі және жарқын болашағы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу; балалардың «Тәуелсіздік» деген ұғымын қалыптастыру, оқушылардың көп ұлтты Қазақстан туралы білімдерін дамыту; Қазақстан аумағында тұрып жатқан халықтар арасындағы достық, бейбітшілік және халықтар арасындағы келісім, ұлтына қарамастан оқушылар арасындағы достық қатынасты, кез келген ұлтқа деген құрметті тәрбиелеу; патриотизмді болашақ азаматтың жеке қасиеті ретінде қалыптастыру болды. Материалдардың барлығы мектептің әлеуметтік желісіне ұсынылды. Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні қарсаңындағы барлық шаралар жоспарға сәйкес өткізілді. Оқушыларға ұсынылған ақпарат қол жетімді және қызықты болды. Оқушылардың «Жас қыран» мен «Жас ұлан» қатарына өтуі, патриоттық челленждерге белсенді түрде қатысу, «Тоғызқұмалақ», «Асық ату» сияқты ұлттық ойындар ойнауда қазақсандық патриотизмді көрсететін жасөспірімдердің азаматтық санасының көрсеткіші болып табылады.

Патриоттық тәрбие бойынша қорытынды:

Патриотизм моральдық және саяси принцип, әлеуметтік сезім болды және солай болып қала береді, оның мазмұны өз Отанына деген сүйіспеншілікте, оған деген адалдықта, өткені мен бүгіні үшін мақтанышта, оны қорғауға деген ұмтылыс пен дайындықта көрінеді. Болашаққа қарап, біз өз тамырымызды, ұлттық салт-дәстүрімізді, тарихымызды ұмытпауымыз керек.

Ұсыныс:

1.Рухани жаңғыру "қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын енгізу бойынша оқушыларды патриоттық тәрбиелеу жұмысын жалғастыру ;

2.Балалардың туған жері, оның тұрғындары, олардың жетістіктері туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту;

3. Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиелеу міндеттерін оқу және оқудан тыс қызметтің барлық түрлеріне қосу.

4.Балаларды дәстүрлі халық мәдениетіне, туған өлке тарихына баулу жұмысында педагог-практиктердің белсенділігін көтермелеу;

5.Патриоттық тәрбие бойынша әлеуметтік-педагогикалық ортаны әр түрлі, бірақ әрқашан теориялық тұрғыдан мағыналы түрлер мен формаларда ұйымдастыру.

Құқықтық тәрбие мен білім беру жүйеде оқытудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылды. Мұндай тәсіл оқушылардың тұрақты құқықтық санасын қалыптастыруға, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге, заңға бағынуға көмектеседі. Мектептегі тәрбиелеудің комплексті бағдарламасы міндеттерін орындау мақсатында құқықтық тәрбиеге, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға көп көңіл бөлінді.

Жұмыс жоспарға сәйкес негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

- зиянды әдеттердің алдын алу;
- денсаулықты және салауатты өмір салтын қорғаудың алдын алу шаралары;
- ББЗ пайдаланудың алдын алу;
- тұрмыста, көшеде, қоғамда мінез-құлықтың бұзылуының алдын алу;
- қадағалаусыздықтың алдын алу
- ҚР заңдарын білу.

Жыл бойы жоспар бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді:

"Қауіпсіз жол", "Есерткіге жол- жоқ" және "Темекі тартпау", «Жасөспірім және құқық», «Құқық бұзушылық пен қорлықсыз балалар», «Өмірдің қауіпті қырлары және оларды жеңу жолдары», « СПИД және нашақорлық», "Бала құқығы", "Буллинг, кибербуллингтің бала психологиясына әсері", «Бұзушылықтар және олардың салдары», қауіпсіз жыныстық даму бойынша педиатрмен кездесуі «Бізге қызықтырады», Қауіпсіз мектеп, "Мен оффлайн", "Біз СӨС қолдаймыз", "Жол қауіпсіздік әліппесі", «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ». Іс-шаралар әр түрлі форматта өткізілді, яғни, дәріс, ойын, пікірсайыс, квест, әңгіме-дүкен, сынып сағаттар, кеңестер, кездесулер, ата-аналар жиналысы, диагностика және т.б.

Оқу жылы бойы әлеуметтік педагог Г.Х Турлыбекова «Жас полиция көмекшісі» клубы жұмысын жүргізді. Клуб мәжілісіне жоғары сынып оқушылары шақырылды.

Клуб мүшелері құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу және олардың алдын алу бойынша ауқымды профилактикалық жұмыстар жүргізуде мектеп инспекторына көмек көрсетті, оның ішінде:

- Оқушылардың құқықтық мәдениет ережелерін зерделеуін ұйымдастыру;
- Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша стенділер мен басқа да көрнекі үгіт-насихат жұмыстарын ресімдеуде;
- Мектепте тақырыптық сынып сағаттарын, ойындарды, викториналар мен құқықтық мәдениет қағидалары бойынша жарыстар ұйымдастыру және өткізу.

Жыл бойы инспектор М.Ильясовпен бірге Мичурино т/а бойынша жастардың мәдени – бұқаралық іс-шаралар орындарына 3 тақырыптық рейді болды, бұл пиротехника бойынша, кәмелетке толмағандарға алкоголь өнімдерін заңсыз сату, кешкі сағат 22.00ден заңсыз өкілдерінсіз жүрмеу бойынша рейдтер.

Мынадай іс-шаралар өткізілді:

- «Өз өміріңді бұзба» стендінің дизайнын жасау.

- Мектеп инспекторы Тургуно І. жасақ мүшелерімен бірге оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу туралы онлайн-әңгімелер.

- Бастауыш мектепке арналған "ЖҚЕ біл және құрметте" викторинасы

– "Құжаттар – сенімді жол", "Мен және менің отбасым", "Құқық білгірі-өз құқығыңды қорға" құжаттарын, мектеп Жарғысын, ҚР Заңдарын зерделеу бойынша сабақтар өткізу.

- Мектеп дәретханасындағы кезекшілік: мектеп аумағында темекі шегуге тыйым салу туралы заңның орындалуын қадағалады.

- Мектеп жанындағы жолды патрульдеді.

Дұрыс ұйымдастырылған алдын алу жұмыстарының нәтижесінде №43 мектепте есепке алынғандар жоқ. Құқықтық тәрбие бойынша өткізілген іс-шаралардың фотоесепті және басқа да мәліметтерді мектеп сайтынан, әлеуметтік желілерінен қарауға болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет мектеп қабырғасынан қалыптастырылуы қажет болатын жемқорлыққа қарсы феномен болып табылады. Сондықтан ерте жастан бастап Отанға деген сүйіспеншілікті, қоршаған адамдар мен дәстүрге деген құрметті, білім мен еңбекке деген талпынысты, әдептілік пенадалдықты тәрбиелеу қажет. Оқушыларға академиялық адалдықты, оқудағы және өз тәртібіндегі жеке жауапкершілікті тәрбиелеу қажет. Кестеге сәйкес ювенальды полиция лейтенанты тың қатысуымен әдептілік сабақтары, 9-10-сыныптар оқушылары арасында «Біз сыбайлас жемқорлықсыз өмір үшін» атты суреттер конкурсы өткізілді. Адамгершілік-құқықтық тәрбиеге байланысты шараларға алдын алу кеңестерін, игспектор сағатын, ата-аналармен жеке әңгімелесулерді де қосуға болады.

Қатыгездік көріністеріне теріс көзқарасты тәрбиелеу мақсатында "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" акциясы аясында мектепте 30 қараша күні 5-6 сынып арасында мини-футболдан спорттық іс-шара өткізілді. Ойын финалға дейін қызықты болды. Командалар ойынды тең нәтижемен аяқтады, жеңімпазды пенальти сериясы анықтады, олар бас жүлдені жеңіп алған 6-сынып командасы болды, жеңілген команданың қатысушылары сыйлықтарымен марапатталды. Жалпы, жарыс көңілді және қызу өтті, қатысушылар командада жұмыс істеу қабілеттерін көрсетті. Біздің жігіттердің жарқын, қызықты ойыны барлығына үлкен рахат сыйлады. Іс-шараға 23 адам қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/C1NKGDSIweG/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

Флешмоб "Болашақ ұрпаққа жаза: планетаны сақтайық! Зорлық-зомбылық. Жоқ!»

<https://www.instagram.com/reel/C1l7wdWII5J/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

29.11 психолог пен әлеуметтік педагог 5-7 сынып арасында "Қалай қылмыстың құрбаны болмауға болады" атты тренинг өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/C1NKGDSIweG/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

30.11 «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа байланысты баланың құқықтарын қорғау жөніндегі құқықтық білім" сынып сағаты

<https://www.instagram.com/p/C1lq75osNj6/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

02.12. 1-4 сынып ата-аналарына «Бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу» тақырыбына ата-аналар арасында тренинг өткізілді. Мектептің әлеуметтік педагогы Г.Х.Турлыбекова мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджері Ж.Б.Ахмедина

9.12. 5-8 сынып ата-аналарына мектеп психологы және ҚБА жөніндегі менеджері Ахмедина Ж.Б. "Отбасы. Жақын адамдармен қарым-қатынас орнату, эмоционалды өзін-өзі реттеу" атты тренинг өткізді. 25 ата-ана қатысты. Жиналыс соңында ата-аналарға жадынамалар таратылды.

<https://www.instagram.com/reel/ClAVkgioL-m/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>
<https://www.instagram.com/reel/Clx7UG4gZNA/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

25 қараша мен 09 желтоқсан аралығында бір-біріне мейірімді қарым-қатынас, мейірімділік, жанашырлық, қайырымдылыққа тәрбиелеу мақсатында "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" акциясы өтуде. Акция барысында білім алушылар бала құқықтары туралы Конвенция, агрессиямен қалай күресуге болатыны туралы білді, сондай-ақ «Зорлық-зомбылық Тоқта!» деген үндеумен келісу белгісі ретінде стендке олардың аты жазылған алақан ілінді. Мектепте "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!" атты ақпараттық стенд безендірілді. Ақпараттық стендте: "Есірткіге жоқ деп айт", "отбасындағы зорлық-зомбылық" буклеттері мен жадынамалары, әлеуметтік педагогтың, психологтың кеңестері: "өзіңді қалай басқаруға болады", ата-аналарға "балаларға қалай көмектесуге болады", "пайдалы кеңестер" және басқа да пайдалы ақпарат орналастырылды.

<https://www.instagram.com/p/ClqRRXKMJ1X/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

30.11. күні «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында мектебімізде "Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз" тақырыбымен оқушылар арасында «Qushagta sam» атты фото-флешмоб өтті. Іс-шараны аға тәлімгер Нұх Жансеріктің бастауымен "Jas Otan" Мектеп парламенті ұжымы ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/ClqRRXKMJ1X/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

Мектеп кітапханасында "1-желтоқсан СПИД ке қарсы күрес күні" атты кітап көрмесі ашылып, оқушылар көрмеден "ЖИТС" (СПИД) індеті туралы ақпарат ала алды. Мақсаты: Оқушыларды тазалық сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету. 2 желтоқсан күні 1-11 сынып жетекшілері «Спид – 21 ғасыр індеті» атты сынып сағаттар өткізді.

<https://www.instagram.com/p/Cl3ZQDHmcs/?igshid=ZTA1ZTQyMGU=>

